

## **Электр энергетикасы объектілерінің үзіліссіз жұмыс істеуі үшін қаржылық жағдай жасау туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 30 қазан N 494-ө

Электр энергетикасы жүйесінде төлем жасамау дағдарысын болдырмау, электр энергетикасы объектілерінің үзіліссіз жұмыс істеуі үшін қаржылық жағдай жасау мақсатында:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі электр энергетикасы объектілерін басқару мен жекешелендіруге тендерлер өткізуге әзірлеу кезінде

басқаруға және сатуға беру контрактілерінде жаңа басқарушылар мен меншік иелерінің 1996-1997 жылғы күзгі-қысқы маусымға әзірлік жөніндегі шараларды қаржыландыру мақсатында жасасылған кредиттік шарттар бойынша электр энергетикасы жүйесі кәсіпорындарының міндеттемелерін орындауын көздесін.

Премьер-Министрдің  
бірінші орынбасары